

**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Каринов Абылай Канатовичтің  
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (23.08.2012 ж. № 1080 қаулы; ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 және 3.08.2022 ж. № 348 бұйрықтары).</p> <p>3) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 28.03.2023 ж. № 249 қаулысы).</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	А.К. Кариновтың диссертациялық зерттеуі әдебиеттану ғылымының дамуына маңызды үлес қосып, оның ғылыми мәні жұмыстың негізгі тұжырымдары мен алынған нәтижелерінде айқын көрініс тапқан.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;	Диссертанттың ғылыми жазу мәдениеті жоғары деңгейде: ол академиялық стиль мен жазу қағидағтарын жетік меңгерген, сыни тұрғыдан ойлай біледі және ғылыми тілді еркін қолданады. Зерттеу барысында жеке

		4) өзі жазбаған.	пайымдауларын негіздей отырып, ғылыми тұжырымдар жасаған және тақырыптың өзектілігін дәлелдей алған. Қорғауға ұсынылған негізгі нәтижелер мен тұжырымдар диссертанттың жүргізген зерттеулері мен жарияланған еңбектерімен дәлелденеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық және практикалық нәтижелері өзара байланысы, зерттеу кезеңдерінің сабақтастығы мен жүйелілігі, қолданылған әдістердің тиімділігі және ғылыми аппараттың кешенді құрылымымен ерекшеленеді. Жұмыста коучингтің пайда болуы мен даму эволюциясы отандық және шетелдік зерттеулер негізінде жүйеленіп, түрлі ғылыми көзқарастардағы айырмашылықтар мен ортақ тұжырымдар анықталған. Сондай-ақ, коучингтің өзге ғылымдармен байланысы мен қолданыстағы технологиялық бағыттары сараланған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу мазмұны диссертация тақырыбының өзегін нақты ашады және коучингтік технологиялардың білім беру жүйесіндегі қолданысын кешенді түрде қарастыруда ішкі логикалық тұтастық сақталған. Бірінші тарауда қазақ әдебиеті әдіснамасының, әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихи даму кезеңдері талданып, оның қазіргі білім беру үдерісіндегі жаңашыл бағыттармен сабақтастығы анықталған. Екінші тарауда коучинг пен коучингтік технологияларға қатысты теориялық тұжырымдар жүйеленіп, синергетикалық зерттеулерге шолу жасалып, әдеби-теориялық талдау ұсынылған. Үшінші тарауда алдыңғы тарауларда негізделген теориялық қағидалар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, коучингтік әдістердің қазақ әдебиеті сабақтарында қолдану тиімділігі нақты нәтижелермен дәлелденген.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеу жұмысында диссертант білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологияларды қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, оның қазақ әдебиетін оқытудағы дидактикалық әлеуетін талдаған. Сондай-ақ, зерттеу барысында коучингтік тәсілдердің ғылыми-әдіснамалық негіздері жасалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы олардың тиімділігі дәлелденген. Осы мақсатқа сәйкес қойылған міндеттер зерттеу тақырыбының мазмұнымен толық үйлеседі және алынған нәтижелер ғылыми негізделген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен жалпы құрылымы өзара үйлесімді әрі біртұтас логикалық жүйеде құралған. Зерттеудің ғылыми-теориялық және тәжірибелік нәтижелері өзара сабақтасып, тұжырымдардың тұтастығын және негізгі қорытындылардың қисынды бірлігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>Докторант өз зерттеуінде коучинг ғылымында бұрыннан қалыптасқан ғылыми тұжырымдарды қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды қолдануға негізделген жаңа әдістемелік үлгімен салыстырмалы талдайды. Коучингтің әдеби білім беру жүйесіндегі қолданысы психология, педагогика, кәсіпкерлік, спорт, т.б. салалармен өзара байланыста қарастырылуы зерттеудің жан-жақты әрі салыстырмалы түрде жүзеге асқанын айғақтайды.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижелері мен қағидалары ғылыми жаңалығымен және практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Диссертацияда ізденуші қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың теориялық және тәжірибелік негіздерін ұсыну арқылы ғылым мен білім саласына елеулі үлес қосқан. Зерттеу нәтижесінде келесі жаңа ғылыми қорытындылар жасалды:</p>

			<p>1. білім беру үдерісінде коучингтік технологияларды қолданудың ғылыми-әдіснамалық тұғырлары жүйеленді;</p> <p>2. қазақ әдебиеті пәніндегі коучингтік технологиялардың дидактикалық әлеуеті айқындалды;</p> <p>3. әдебиет сабағында қолдануға бейімделген коучингтік технологиялардың негізгі түрлері анықталды;</p> <p>4. коучингтік тәсілдерге негізделген қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік моделі жасалды;</p> <p>5. коучингтік технологиялардың оқушылардың танымдық, тұлғалық және эмоционалдық дамуына әсері эксперименттік деректермен дәлелденді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>А.К. Кариновтың диссертациялық зерттеуінің қорытындылары ғылыми жаңашылдығымен және тәжірибелік мәнімен ерекшеленеді. Жұмыстың мазмұндық нақтылығы, қолданылған оқыту әдістемесінің тиімділігі, алынған сандық және сапалық деректердің дәлдігі зерттеудің өзектілігі мен ғылыми тұрғыдан тың екендігін айқындайды. Зерттеу үдерісі ғылыми-әдістемелік, психологиялық және педагогикалық еңбектерді кешенді талдау мен жүйелі сараптау арқылы жүргізіліп, нәтижесінде негізді және дәйекті қорытындылар жасалған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету барысында ұсынылған техникалық, әдістемелік және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа, ғылыми тұрғыда негізделген және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан кең дәлелдерге сүйеніп жасалған. Ізденуші коучингтік технологиялардың ғылым саласында қалыптасуын және

		/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	олардың қазақстандық білім беру контексінде зерттелу деңгейін жан-жақты талдаған. Аралас әдіске (mixed method) негізделген зерттеу дизайны деректерді терең және кешенді түрде жинауға мүмкіндік берген. Эксперимент барысында оқушылар мен мұғалімдердің көзқарастары қатар қарастырылып, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелділігін күшейтті. Теориялық тұжырымдар тәжірибелік кезеңде нақты дәлелдермен расталды.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p>	<p>А.К. Кариновтың диссертациялық жұмысында қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар қысқаша былай түйінделеді:</p> <p>1-ші тұжырым – дәлелденді. Әлемдік зерттеулерге талдау жасалып, коучингтік технологиялар алғаш рет қазақ әдебиетін оқыту контексінде жүйеленді.</p> <p>2-ші тұжырым – дәлелденді. Әдеби шығармаларды оқытуда коучингті қолдану бағыты алғаш рет ұсынылып, жаңа дидактикалық модель жасалды.</p> <p>3-ші тұжырым – дәлелденді. Коучингтік әдістер қазақ әдебиеті пәнінің практикалық және тұлғалық маңызын арттырды.</p> <p>4-ші тұжырым – дәлелденді. Коучингтік технологиялардың әдістемелік картасы әзірленіп, ол әдеби шығармалар мен оқу мақсаттарымен сәйкестендірілді.</p> <p>5-ші тұжырым – дәлелденді Коучингтік әдістердің дидактикалық әлеуеті дәлелденіп, оларды «педагог-оқушы» жүйесінде қолдану тиімділігі көрсетілді.</p> <p>6-шы тұжырым – дәлелденді Коучингтік технологиялардың оқушының тұлғалық дамуына, өзін-өзі тануына және эмоционалдық интеллектісіне әсері тәжірибе жүзінде дәлелденді.</p>

	<p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>Барлық алты тұжырым да тривиалды емес, себебі олар бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған жаңа ғылыми бағыттарды ұсынады және әрқайсысы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне жаңаша көзқарас әкеледі:</p> <p>1-ші тұжырым – тривиалды емес. Коучинг түрлерін алғаш рет қазақ әдебиетін оқыту контексінде жүйелеу — бұл бағытта бұрын болмаған ғылыми жаңалық.</p> <p>2-ші тұжырым – тривиалды емес. Әдеби шығарманы оқытуда коучингтік әдістерді қолдану арқылы жасалған дидактикалық модель – жаңа педагогикалық парадигманы көрсетеді.</p> <p>3-ші тұжырым – тривиалды емес. Коучинг әдістерінің оқушының сыни ойлау, рефлексия және өзін-өзі дамыту қабілеттерін арттырудағы тиімділігі алғаш рет тәжірибелік жолмен дәлелденген.</p> <p>4-ші тұжырым – тривиалды емес. Коучинг технологияларының әдістемелік картасы әдеби шығармалармен және оқу мақсаттарымен байланыста алғаш рет жасалды.</p> <p>5-ші тұжырым – тривиалды емес. Коучинг «педагог-оқушы» жүйесінде дидактикалық құрал ретінде қолдану мүмкіндігі алғаш рет дәлелденді.</p> <p>6-шы тұжырым – тривиалды емес. Коучингтің тұлғалық даму мен эмоционалдық интеллект қалыптастырудағы әсері эмпирикалық зерттеу арқылы дәлелденіп, жаңа нәтижелермен негізделді.</p>
	<p>7.3 Жаңа ма?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>1-ші тұжырым – жаңа. Коучинг түрлері алғаш рет қазақ әдебиетін оқыту контексінде жүйеленіп, пән мазмұнымен сәйкестендірілді.</p> <p>2-ші тұжырым – жаңа. Әдеби шығармаларды оқытуда коучингтік әдістерді қолданудың жаңа перспективасы ұсынылып, коучингтік-дидактикалық модель жасалды.</p> <p>3-ші тұжырым – жаңа. Әдебиет сабағына коучингтік</p>

			<p>сессия элементтері (рефлексия, мақсат қою, ішкі диалог, эмпатиялық талдау) енгізіліп, олардың оқушының тұлғалық дамуына әсері алғаш рет дәлелденді.</p> <p>4-ші тұжырым – жаңа. Қазақ әдебиеті пәніне арналған коучингтік технологиялардың әдістемелік картасы әзірленіп, әдеби шығармалар мен оқу нәтижелерімен сәйкестендірілді.</p> <p>5-ші тұжырым – жаңа. Коучинг алғаш рет білім беру процесінде «педагог–оқушы» деңгейінде қарастырылып, оның дидактикалық әлеуеті айқындалды.</p> <p>6-шы тұжырым – жаңа. Оқушылардың тұлғалық дамуы мен эмоционалдық интеллектісін әдеби шығарма арқылы дамыту тұжырымдамасы коучингтік негізде тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді.</p>
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p>	<p>1-ші тұжырым – кең. Коучингтік технологияларды қазақ әдебиетімен жүйелеу оларды басқа гуманитарлық пәндерде қолдануға мүмкіндік береді.</p> <p>2-ші тұжырым – кең. Коучинг арқылы оқыту жалпы, жоғары білімде және тіл мамандарын даярлауда тиімді.</p> <p>3-ші тұжырым – кең. Коучингтік әдістерді сыни ойлау мен өзін-өзі дамытуға, өзге пәндерді оқытуға бейімдеуге болады.</p> <p>4-ші тұжырым – кең. Әдістемелік картаны пәндік нұсқаулықтар мен интеграциялық бағдарламаларда пайдалануға болады.</p> <p>5-ші тұжырым – кең. «Педагог–оқушы» жүйесіндегі коучинг оқу мотивациясын және мұғалім кәсібилігін арттырады.</p> <p>6-шы тұжырым – кең. Коучинг тұлғалық даму мен эмоционалдық интеллектті қалыптастыруда түрлі білім салаларында қолдануға негіз бола алады.</p>

		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалар келесі мақалаларда дәлелденген:  <b>Scopus базасында:</b>  1) Karinov A., Smagulov Z., Takirov S. &amp; Zhumagulov A. (2023) Implementation of coaching and mentoring methods in teaching Kazakh literature to the secondary school students. Front. Educ. 8:1279524. DOI <a href="https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1279524">https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1279524</a>  <b>ҚР ҒЖБМ БҒСҚК базасында:</b>  1) Каринов А.К., Сөйлемез О., Коучинг пен менторингтің әдебиетті оқытуда қалыптасуы мен дамуы. // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №3 (111) 2023. - Б. 101-113. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI <a href="https://doi.org/10.31489/2023ph3/101-113">https://doi.org/10.31489/2023ph3/101-113</a>  2) Каринов А.К., Смағұлов Ж.Қ., Сағадатов Р.Т., Қазақ әдебиетін оқытудағы коучинг және менторинг әдістерін қолданудың ғылыми-практикалық ерекшеліктері. // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №1 (113) 2024. - Б. 152-161. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI <a href="https://doi.org/10.31489/2024ph1/152-161">https://doi.org/10.31489/2024ph1/152-161</a>  3) Karinov A.K., Takirov S.U., Ayekenova R.M. The perceptions of secondary school teachers regarding the utilization of coaching and mentoring approaches in teaching literature. // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №4 (116) 2024. - P.109-117. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI <a href="https://doi.org/10.31489/2024ph4/109-117">https://doi.org/10.31489/2024ph4/109-117</a></p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>Ізденуші зерттеу жұмысын прагматизм парадигмасына және аралас әдіснамаға (mixed methods) сүйене отырып жүргізген. Прагматикалық көзқарас зерттеудің нәтижесін нақты тәжірибеде қолдануға бағыттаса.</p>

			<p>аралас әдіснама сапалық және сандық деректерді ұштастыру арқылы зерттеу нысанын жан-жақты талдауға мүмкіндік берген. Зерттеу барысында әдеби-теориялық талдау, сауалнама, фокус-топтық сұхбат, т.б. әдістер кешенді түрде қолданылған. Осы әдістердің өзара байланысы алынған нәтижелердің сенімділігін, дәйектілігін және ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында ізденуші компьютерлік технологияларды тиімді қолданғаны байқалады. Бұл, ең алдымен, иллюстрациялық материалдарды визуализациялау, сандық деректерді өңдеу және талдау үдерістерінен көрінеді. Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде жүргізілген сауалнама деректерін жинақтау мен талдау үшін Google Forms платформасы пайдаланылып, нәтижелер диаграммалар мен кестелер арқылы жүйеленген. Бұл тәсіл зерттеудің ақпараттық дәлдігін, мәліметтердің көрнекілігін және талдау сапасын арттырған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациядағы негізгі тұжырымдар сенімді ғылыми дереккөздермен дәлелденген. Ізденуші теориялық зерттеулер негізінде қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқытудың моделін ұсынған. Бұл модель 10-сынып оқушыларына жүргізілген педагогикалық экспериментте тексеріліп, коучингтік әдістердің оқушылардың белсенділігі мен ойлау қабілетін арттыруда тиімді екені дәлелденді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды тұжырымдар нақты әрі сенімді ғылыми дереккөздерге сүйеніп, тиісті әдебиеттерге сілтемелермен дәлелденген.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Диссертацияда қамтылған отандық және шетелдік ғалымдар еңбектері тақырып бойынша әдеби шолу жасауға жеткілікті деңгейде қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары. Зерттеу өзектілігі, мақсаттары, міндеттері, ғылыми жаңалығы және практикалық құндылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Алынған нәтижелерді орта мектептерде «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» және басқа да гуманитарлық пәндерін оқытуда, колледждер мен жоғары оқу орындарында арнайы курстар мен әдебиет пәндерін жүргізуде, сондай-ақ ғылыми зерттеулерде тиімді пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Коучингтік технологияларды қазақ әдебиетін оқытуда дербес әдіс ретінде қолдану – бұрын педагогикалық тәжірибеде пайдаланылмаған, практикалық тұрғыдан тың және жаңашыл тәсіл болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми еңбек жалпы талаптарға толық сәйкес келеді. Нормативтік сілтемелер мен анықтамалар жүйелі түрде берілген. А.К. Кариновтың зерттеу нәтижелері жаңашылдығымен, өзектілігімен және логикалық бірізділігімен ерекшеленеді.
11	Диссертацияға ескертулер		Жұмыстың құрылымы мен мазмұны жүйелі түрде құрылған, ғылыми талаптарға сай және айқын логикалық бірізділікпен баяндалған. Елеулі ескертулер мен кемшіліктер анықталған жоқ.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация)		

	мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Ереженің 4.10-тармағына сәйкес		Ғылыми өзекті мәселені шешуге бағытталған бұл зерттеу жұмысы қойылған талаптарға толық сәйкес келеді. Осыны ескере отырып, Каринов Абылай Канатовичтің 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған «Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді білдіремін және ізденушіні философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ

Әлем тілдері факультетінің деканы, ф.ғ.к.



Оспанов Едилбай Тулебаевич